



ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ

Бизнес және экономика жоғары мектебі Экономика кафедрасы

Кәсіпкерлік

Есенгелдиева Гүлмира Тоқтасыновна - аға оқытушы

1 – дәріс

Кәсіпкерлік ойлау жүйесі: табысқа жетудің алғашқы қадамы

Бөлім 1.2

Кәсіпкерлік ойлау жүйесі

Жоспар

1. Кәсіпкерлік ойлау жүйесін қалыптастыру.
2. Кәсіпкерлік таным және этика.
3. Кәсіпкер деген кім?

Кәсіпкерлік ойлау жүйесін қалыптастыру

Кәсіпкерлік ойлау – бұл кәсіпкерлік мінез-құлықты анықтайтын сенімдердің, ойлау процестерінің және әлемге көзқарастың жиынтығы.

Кәсіпкерлік ойлау модельдеу және бизнес үлгілерін процесс ретінде ұсынылуы мүмкін және шешім қабылдауды қажет ететін кез келген әрекетте пайдалануды қамтиды.

Кәсіпкерлік ойлау **мінез-құлық пен әрекет стиліне** тікелей әсер етеді.

Кәсіпкерлік ойлауға тән белгілер:

- мүмкіндіктерді пайдалану;
- стандартты емес шешімдерді қолдану;
- табандылық;
- тәуекелдерді бағалау және басқару.

Кәсіпкерлік таным және этика

Таным - ақыл-ой қызметтерін, ақыл-ой процесстерін (ойлау процессі) және адамның психикалық (менталдік) жағдайын сипаттауға қолданылады.

Кәсіпкерлік таным - мүмкіндіктерді бағалау, венчур құру және өсіру барысында бағалау, пайымдау, шешім қабылдау үшін қолданылатын білім құрылымы болып табылады.

Кәсіпкерлік таным және этика

Метатаным - кәсіпкерлердің өздігінен оқу және проблемаларды шешу стратегияларын өздігінен қолдануы.

Бейімделген таным - кәсіпкерлік әрекеттердің қажет нәтижелерге жетуі .

Когнитив процессі - түпкі сұраққа жауап таңдау процессі.

Метакогнитив процессі - кәсіпкердің кәсіпкерлік тапсырманы қалай орындайтыны туралы жауап таңдауы.

Метакогнитивтік - кәсіпкердің балама стратегиялар жиынтығынан нақты стратегияны таңдағанын зерттеу емес, керісінше, кәсіпкерлік тапсырманың өзін анықтауға алып келген жоғары деңгейлі когнитив процессті зерттеуі.

Кәсіпкерлік таным және этика

Кәсіпкерлік танымды қалыптастыруға көмектесетін бес кеңес:

- Кедергілерді мүмкіндіктерге айналдыру.
- Армандау және өзіңізге сену.
- Өзіңізді тану және сүйікті ісіңізді табу.
- Әрекет ету және бас тартуды қабылдамау.
- Оқу, белгісіздікті қабылдау және сәтсіздікке дайын болу.

Кәсіпкерлік таным және этика

Кәсіпкерлік этика - өркениетті кәсіпкерлік мәдениетін қалыптастырудың күрделі мәселелерінің бірі. Этика - гректің «ethos» сөзінен шыққан, әдет-ғұрып немесе мінез құлық тәртібін білдіретін философиялық шама.

Этикалық сананы қалыптастыру - кәсіпкердің жауапкершілігі.

Этикалық процесс және құрылымдар рәсімдерге , позициялық мәлімдемелерге негізделген, көпмәнділікті болдырмау үшін қабылданған этикалық мақсаттарды жариялайды.

Кәсіпкерлік таным және этика

Кәсіпкерлік мінез-құлық дағдыларын игеру үшін:

- таныстыру ережелері;
- іскерлік байланыстарды жүргізу ережелері;
- келіссөздердегі мінез-құлық ережелері;
- сыртқы келбетке, әдептілікке, іскерлік киімге қойылатын талаптар;
- сөйлеуге қойылатын талаптар;
- қызметтік құжаттардың мәдениеті және кәсіпкерлік этиканың құрамдас бөлігі болып табылатын кәсіпкерлік этикеттің басқа элементтерін сақтау керек.

Кәсіпкер деген кім?

Кәсіпкер - ерекше оптимист, шынайы құштарлыққа бейім, табанды, еңбекқор, өзінің ісіне адал тұлға.

Кәсіпкер - бұл кәсіпорындағы істер үшін жауапкершілік пен тәуекелді өз мойнына алатын бастамашыл адам.

Кәсіпкерге тән қасиеттер



әмбебап



сенім



тәуекелге бейімділік



креативтілік



қолжетімділік



тапқырлық



көшбасшылық

Кәсіпкерге тән қасиеттер



бастама



икемділік



интеллект



мақсатты



төзімділік



тәуелсіздік



ұсыныс пен сынға жауап беру қабілеті

Кәсіпкерге тән қасиеттер



сезімталдық



теңгерімді сақтау қабілеті



жауапкершілік



адалдық



қателерден үйрену қабілеті

Қорытынды

1. Кәсіпкерлік ойлау жүйесі – бұл ХХІ ғасырдың қажетті дағдысы, кәсіпкердің ойлап-табушылығын іске асыру қабілеті.
2. Кәсіпкерлік этика және таным бизнесті құру процесінің ажырамас бөлігі болып табылады.
3. Кәсіпкер - кез келген жерде ақша (пайда) табу мүмкіндігін қолдану қабілеті бар адам.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Куратко Д.Ф. Кәсіпкерлік: теория, процесс, практика. 10-басылым. Алматы: Ұлттық аударма бюросы, 2018 жыл – 480 бет.
2. Нурманова Б.З., Даулиева Ғ.Р., Ахметова З.Б., Төлешова Г.Б. Экономикалық ілімдер тарихы. Алматы, Қазақ университеті, 2013 ж.

Қолданылған интернет ресурс тізімі

1. Нәлібаев Б. Әлемнің әйгілі бизнесмендері [Электрондық ресурс] : монография / - Алматы : Alem Service Plus, 2014. - 250 б.
2. Entrepreneurial Thinking – Think like a real businessman. https://business-and-banks.ru/blog/predprinimatelskoe_myshlenie/2021-01-18-380